

Өнімнің маңызды түрлері нарықтарының жай-күйі туралы талдау материалдарын әзірлеу жөніндегі әдістемелік ұсынымдар мақұлдау туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Өкімі 1996 жылғы 17 қыркүйек N 440

1. Қоса беріліп отырған Өнімнің маңызды түрлері нарықтарының жай-күйі туралы талдау материалдарын әзірлеу жөніндегі әдістемелік ұсынымдар мақұлданды.

2. Қазақстан Республикасының Статистика және талдау жөніндегі мемлекеттік комитеті 1997 жылға арналған статистикалық жұмыстар регламентін құрастырған кезде өнімдерді (тауарларды) сату туралы, өнімдердің (тауарлардың) экспорты (импорты), қалдық және шығындалған материалдар туралы статистикалық есептемені қамтамасыз ету жөніндегі шаралардың орындалуын көздесін.

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі 1997 жылға арналған республикалық бюджетті әзірлеген кезде осы жұмыстардың орындалуына қажетті ақшаны көздесін.

3. Қазақстан Республикасының Экономмині, Өнеркәсіпсаудамині, Ауылшармині, Энергиякөмірмині, Мұнайгазмині, Қазақстан Республикасының Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитеті 1996 жылғы 31 қазанға дейін тиісті номенклатура бойынша өнімнің (тауардың) маңызды түрлері нарықтарының жұмыс істеуінің экономикалық жағдайларына зерттеу жүргізуді және отандық өнім өндірушілердің мүдделерін қорғау және өнім (тауар) өндірісін ынталандыру мақсатында бұл жағдайларды өзгертудің мақсатқа сәйкестігі туралы ұсыныс әзірлеуді қамтамасыз етсін.

Премьер-Министр

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
1996 жылғы 17 қыркүйектегі
N 440 өкімімен мақұлданған

Өнімнің маңызды түрлері нарықтарының жай-күйі туралы
талдау материалдарын әзірлеу жөніндегі әдістемелік
ұсынымдар

1. Кіріспе

1. Осы Әдістемелік ұсынымдар Қазақстан Республикасының министрліктері мен

мемлекеттік комитеттерінің, облыстық экономика басқармаларының өнімнің маңызды түрлері нарықтарының жай-күйі туралы талдау материалдарын әзірлеуі үшін арналған. Аталған талдау Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының жылдық болжамдарын әзірлеу және нақтылау кезеңдерінде, сондай-ақ тауар нарықтарының жұмыс істеуінің экономикалық шарттарын зерттеу үшін жүргізіледі.

2. Талдау нәтижелерін экономиканың дамуына мемлекеттік ықпал етудің неғұрлым ұтымды бағыттарын іздестіруге, сондай-ақ отандық өнім (тауар) өндірушілер мен тұтынушыларды қорғау жөніндегі шараларды қалыптастыру және тауарларды Қазақстан Республикасының аумағында өндіруді еселей түсу үшін пайдалану көзделіп отыр.

2. Экономикалық талдау жүргізудің мақсаты мен міндеттері

3. Экономикалық талдау жүргізудің мақсаты тауар нарықтарының әр алуан секторларында өнімді (тауарларды) сатудың және сатып алудың экономикалық шарттарына баға беру мен салыстыру және отандық өндірушілер мүдделерін қорғау мен өнім (тауарлар) өндіруді ынталандыру үшін осы шарттарды өзгерту жөніндегі ұсыныстарды әзірлеу болып табылады.

4. Негізгі міндеттері:

өнімді (тауарларды) сатудың экономикалық шарттарына талдау жасау және оны ішкі қазақстандық нарықта сатудың немесе экспортқа шығарудың орындылығы мен тиімділігі туралы қорытынды әзірлеу;

отандық тауарларды сатып алумен салыстыра отырып, импорт бойынша өнім (тауарлар) сатып алудың экономикалық шарттарына талдау жасау және импорттық сатып алудың тиімділігі мен олардың отандық шығарылуының келешегі туралы қорытынды әзірлеу;

тауар нарықтарының әр алуан секторларында өнім (тауарлар) қозғалысының экономикалық шарттарын өзгерту жөнінде ұсыныстар әзірлеу;

аса маңызды өнімдер бойынша сатып алу бағалары құрылымына талдау жасау және оны ұтымды ету туралы ұсыныстар әзірлеу;

тауар нарықтарында бәсекелестік орта қалыптастыру жөнінде ұсыныстар әзірлеу болып табылады.

3. Тауар нарықтарының жай-күйінің маңызды көрсеткіштеріне экономикалық талдау жүргізу жөніндегі ұсынымдар

5. Қазақстан Республикасы бойынша тауар нарықтарының жұмыс істеуіне талдау

тауар нарықтарының жай-күйін талдау кестелері бойынша 1-қосымшаға сәйкес және өндірістік-техникалық мақсаттағы және ауыл шаруашылық өнімінің (тауарлардың) маңызды түрлерінің тауар нарықтарының тізбесі бойынша 2-қосымшаға сәйкес жүргізіледі. Аталған тізбе тауар нарықтарында қалыптасқан экономикалық жағдайларға байланысты Қазақстан Республикасының Экономика министрлігінің келісімі бойынша анықталуы мүмкін.

Қазақстан Республикасы бойынша ішкі және сыртқы нарықтарда өнімді (тауарларды) сату мен сатып алуға талдау жасау

6. Қазақстан Республикасы бойынша өнімді (тауарларды) ішкі және сыртқы нарықтарда сату және сатып алуға талдау жасау өнімді (тауарларды) сату мен сатып алу көлемі мен құрылымының өзгеруі туралы деректерге сәйкес жүргізіледі (1, 2-кестелер).

1-кестенің деректері бойынша өнімді (тауарларды) сатудың жалпы көлеміндегі экспорт ауқымы, нарықтың ашықтығы туралы қорытындылар жасалады. Сатудың ішкі нарықты тауар ресурстарымен басым қамтамасыз ету тұрғысынан қарағанда оны қорғау жөнінде привентивті шаралар қолданудың дұрыстығы туралы жағдай байқалады. Сатылмаған қалдықтардың көлемі мен өзгеруі бойынша өнімнің (тауарлардың) толық сатылуы мен қорларды толықтыру қажеттігі және т.б. туралы қорытынды жасалады.

2-кестенің деректері бойынша өнімді (тауарларды) сатып алу, импорт үлесінің өсуі немесе кемі, ресурстармен толық қамтамасыз етілуі, отандық өнімді импорттық өнімнің (тауарлардың) ығыстыруы жағдайының болуы және т.б. бөлігіне осыған ұқсас талдау жасалады.

Тауар нарықтарының әралуан секторлары бойынша өнімді сату мен сатып алудың экономикалық шарттарына талдау жасау

7. Өнімді (тауарларды) сату мен сатып алу құрылымындағы өзгерістер себептері сатып алу бағалары мен олардың құрылымына, өнімнің (тауарлардың) экспорты мен импортының ішкі және әлемдік бағасының өзгеруіне жасалған талдауға сүйене отырып анықталады (3-7 кестелер).

8. Тауар нарықтарының әр алуан секторлары бойынша өнімді (тауарларды) сатудың экономикалық шарттарына талдау 3-кесте бойынша жүргізіледі.

Қажет болған жағдайда аталған кесте сондай-ақ Қазақстан Республикасы және жекелеген аймақтар немесе нақты кәсіпорындар бойынша өнімге (тауарларға) арналған сатып алудың орташа бағаларына талдау жасау үшін қолданылуы мүмкін. Бұл

жағдайда кестеде өнімнің (тауарлардың) атауы ғана емес, сондай-ақ аймағы немесе кәсіпорны көрсетіледі.

Осы кестенің 1-бағанында сатудың (сатып алудың) көтерме бағаларына әсер ететін факторлар көрсетіледі. Бөлшек саудада сатылатын өнім (тауарлар) түрлері бойынша бағаларға әсер ететін қосымша факторлар енгізіледі.

2-7 бағандарда өнімді (тауарларды) өткізу нарығының секторы бойынша деректер көрсетіледі.

Кестені толтырғаннан кейін төмендегідей реттілік бойынша нәтижелерге талдау жасалады:

Сатудың: "Ішкі рынок", "Алыс шетелдерге экспорттау" және "Таяу шетелге экспорттау" сияқты мүмкін болатын нұсқаларынан "Сату бағасы" жолы бойынша бағасы неғұрлым төмен нұсқасы алынады және басқа нұсқалардағы бағалардың айырмашылығы арқылы қалған екі нұсқа бойынша өнімді (тауарларды) өткізуден алынбай қалған пайда анықталады. Сату бағаларынан едәуір айырмашылық байқалған жағдайда қарастырылатын нұсқалар бойынша мемлекет жүзеге асырып отырған экономикалық саясатты ескере отырып, сатудың қолда бар шараларына баға берілді.

Мысалы: ішкі нарықты қанағаттанарлықтай молықтырған жағдайда өнімді (тауарларды) алыс шетелге сату бойынша неғұрлым қолайлы жағдайлар орын алады - әлемдік нарықты жайлап алуға бағытталған мұндай жағдай саясатқа сәйкес келеді, немесе төлем қабілеті қанағаттандырмайтын сұраным болған жағдайда, өнімдерді (тауарларды) сату бойынша неғұрлым қолайсыз жағдай орын алады, бұл жағдай мемлекеттің экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету талабына сәйкес келмейді.

Сатудың тиімді (күткендегідей) құрылымы және бағаларға әсер ететін факторлардың оған сәйкес келетін мәні анықталады. Бұл арада мүмкін болатын барлық нұсқалар ішінен шығындар және басқа факторлар, оның ішінде бюджет салдары факторлары тұрғысынан алғанда олардың неғұрлым оңтайлы үйлесімі анықталуға тиіс.

Кәсіпорынның (өндірушінің) бағасына әсер ететін факторларға талдау 3-а кестеде өзгертуі көрсетіліп отырған өндіріс шығындары құрылымына баға беру тұрғысынан жүзеге асырылады.

Сатудың тиімсіз құрылымының негізгі себебі ескерілмеген факторлар болған жағдайда ("Сату бағасы" және "Өнімдерді сатып алуға арналған шығындар жиынтығы" жолдарының деректер сәйкестілігі арасындағы айырмашылық) сату шарттарын қосымша зерттеу қажеттігі туралы тұжырым жасалады және осындай талдау бағыты ұсынылады.

Едәуір бөлігі бөлшек сауда жүйесі арқылы өткізілетін өнім (тауарлар) бойынша қосымша талдау "Ұсақ көтерме сауда мен бөлшек сауда шығысылары" бөлімі арқылы жүзеге асырылады.

Сонымен бірге барабар немесе осы тақылеттес өнім (тауарлар) бойынша экспорттау жөніндегі әлемдік нарық бағаларының көрсеткіштерімен "Сату бағасы" жолы арқылы

мәліметтерді салыстыруды жүзеге асырған орынды. Мұндай салыстыру қазақстандық өнімді (тауарларды) қазақстандық нарықтан тыс жерлерде сатып алу шарттары туралы тұжырым жасауға алғышарт жасауы мүмкін, мысалы: демпингті бағаларды қолдану, қазақстандық жеткізушілер тұрғысында құқықтық шектеудің орын алуы және басқалары.

Талдаудың қысқаша нәтижелері мәтін түрінде "Сату құрылымының экономикалық тиімділігі туралы тұжырымдар, оны жетілдіру, экономикалық, оның ішінде ұсынылатын шаралардың бюджеттік салдарына баға беру жөніндегі шаралар" жолында беріледі.

Тауар нарықтарының әр алуан секторлары бойынша өнімді (тауарларды) сатып алудың экономикалық шарттарына талдау жасау 4-кестені қолдана отырып жүргізіледі. Аталған кесте 3-кестеге ұқсас, бірақ ішкі нарықта немесе импорттау бойынша өнімді (тауарларды) сатып алудың әр алуан нұсқалары кезіндегі қазақстандық сатып алушылардың шығындары туралы мәліметтер беріледі.

Кестені толтырған кезде ішкі нарық шарттарына арналған "Ұсыныс бағасы" жолы бойынша кәсіпорынның (өндірушінің) қоятын бағасы көрсетілетінін ескеру керек, ол 3-кестенің бірінші жолындағы мәліметтерге сәйкес келуі керек. Ішкі нарық шарттары үшін - қазақстандық сатып алушының меншігіне өткен кезде, шетелдік жеткізушінің өніміне (тауарына) төлем жүргізілген баға ескерілуі тиіс.

Ішкі нарықта және импорт бойынша өнім (тауарлар) сатып алу бағаларын салыстыра отырып, оның мемлекеттік экономикалық саясатқа сәйкестігі бөлігінде сатып алу құрылымының тиімділігі туралы тұжырымдар жасалуы, қажет болған жағдайда сатып алудың экономикалық шарттарының өзгеруі туралы ұсыныстар дайындалады.

Импорттық және отандық өнімді (тауарларды) салыстыру оның сапасын, тұтыну қасиеттерін ескере отырып жүзеге асырылуға тиіс. Сондықтан өнім (тауар) өлшемінің құны салыстыру кезінде өнімнің (тауардың) тұтыну қасиетін білдіретін коэффициентке түзетілуі мүмкін, ол нысанға түсіндірмеде көрсетілуі тиіс.

Талдаудың нәтижелері бойынша тұжырымдар мен ұсыныстар жасалады, ол 1-қосымшаға сәйкес толтырылған кестелерді қоса тіркеп, талдау жазбасы түрінде рәсімделеді, онда мынадай бөлімдер болады:

Кіріспе.

Қазақстан Республикасы бойынша ішкі және сыртқы нарықта өнімді (тауарларды) сатуға және сатып алуға талдау жасау.

Тауар нарықтарының әр алуан секторлары бойынша өнімдерді сату және сатып алудың экономикалық шарттарына талдау жасау.

Әрбір бөлімнің соңында тұжырымдар мен ұсыныстар топтастырылады. Талдау нәтижелері, сондай-ақ кестелер мен басқа да безендірулер түрінде рәсімделуі, жекелеген қысқа мәліметтер мен кестелерге бөлінуі мүмкін.

Тауар нарықтарында бәсекелестік ортаға баға беру

9. Бәсекелестік ортаға баға беру тауар нарығының сапалық және сандық өлшемдеріне талдау жасау негізінде жүргізіледі: тауарлық және географиялық шекарасы, сатушылар мен сатып алушылардың құрамы, нарықтың тауарлық ресурстарының көлемі, нарықтағы шаруашылық жүргізуші субъектілердің үлесі, тауарлы нарық құрылымының сандық және сапалық көрсеткіштері, шаруашылық жүргізуші субъектінің нарықтық қуаты.

Аталған өлшемдерге талдау жасау зерттелінетін тауар нарығы құрылымның қандай түрінде жататынын анықтауға және ондағы бәсекелестіктің даму немесе дамымау деңгейін бағалауға мүмкіндік береді.

4. Экономикалық талдау жасау және талдау материалдарын әзірлеу тәртібі

10. Экономикалық талдау Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі бекітетін талдау материалдарын дайындау кестесіне сәйкес жүргізіледі.

Салалық министрліктер (Қазақстан Республикасының Ауылшармині, Өнеркәсіпсаудамині, Құрылысмині, Энергиякөмірмині, Мұнайгазмині) өздерінде бекітілген өнім (тауарлар) номенклатурасы бойынша тауар нарықтарының жай-күйіне талдау жасайды және 1-қосымшаға сәйкес талдау материалдарын, толтырылған кестелерді қоса тіркеп, талдау жазбасы түрінде Қазақстан Республикасының Экономика министрлігіне береді.

11. Ішкі және сыртқы нарықтарда өнімді (тауарларды) сату мен сатып алуға талдау жасау статистикалық ақпараттар негізінде "Тауарларды және өнімдерді өткізу туралы есеп", "Тауарларды экспорттау (импорттау) туралы есеп", "Материалдардың қалдықтары мен шығындары туралы есеп" түрінде жүзеге асырылады.

Өнімді (тауарларды) сату мен сатып алудың экономикалық шарттарына талдау жасау өндірушілер кәсіпорындарының және келісім бойынша өнімнің (тауарлардың) осы түрін тұтынушының мәліметі бойынша жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі ұсынылған талдау материалдарын қарауды, талдау материалдарының жиынтығын дайындауды, тауар нарықтарының жұмыс істеу жағдайына баға беруді, оның дамуының негізгі басымдықтары мен бағыттарын айқындауды, отандық өнім (тауар) шығарушылар мен тұтынушыларды қорғау жөнінде шаралар әзірлеуді, республикада өнім өндіруді еселей түсуді ұйымдастырады.

Тауар нарықтарында бәсекелестік ортаға баға беруді Қазақстан Республикасының

Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитеті жүзеге асырады, ол тауар нарықтарында бәсекелестік ортаны қалыптастыру жөніндегі ұсыныстар мен талдау жазбасын дайындайды.

Дайындалған материалдар республиканың әлеуметтік-экономикалық дамуының жылдық болжамдарын әзірлеу үшін, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Үкіметіне тауар нарықтарын басқару жөніндегі талдау жазбаларын, дәлелдемелерді және ұсыныстарды беру үшін пайдаланады.

Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі қажет болған жағдайда осы Әдістемелік ұсынымдарға қажетті өзгерістер мен толықтырулар енгізуге құқылы.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
1996 жылғы 17 қыркүйектегі
N 440 өкіміне
1-қосымша
1-кесте

Тауар нарықтарының жағдайын талдау кестелері
Өнімдердің (тауарлардың) даму көлемі мен сату құрылымы

1. Өнімдердің (тауарлардың) атауы, жылдар
2. Өлшем бірліктері
Сату көлемі
3. Барлығы (4+5 бағандар)
Соның ішінде:
4. Ішкі нарықта
5. сыртқы нарықта (6+7 бағандар)
Соның ішінде:
6. алыс шетел
7. жақын шетел
8. Жеткізушілерде өткізілмеген өнімдердің қалдықтары

1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8

Өнімдердің (тауарлардың) атауы
1995 жыл - дерек

1996 жыл - баға

1997 жыл - болжам

Ескерту: 3, 4, 5, 8 бағандардағы деректер (заттай көлемде және сату көлемінен алғанда процент есебінен бөлектеп көрсетіледі (3 баған), ал 6 және 7 бағандар, сондай-ақ заттай көлемде және экспорттау көлемінен процент есебімен бөлектеп көрсетіледі (5-баған).

2-кесте

Өнімдердің (тауарлардың) даму көлемі мен сату құрылымы

1. Өнімдердің (тауарлардың) атауы, жылдар
2. Өлшем бірліктері
3. Сатып алудың жалпы көлемі (4+5 бағандар)
Соның ішінде сатып алу көздері
4. Отандық өндіріс
Импорт
5. Барлығы (6+7 баған)
6. алыс шетелдерден
7. жақын шетелдерден

1		2		3		4		5		6		7
---	--	---	--	---	--	---	--	---	--	---	--	---

Өнімдердің атауы

1995 жыл - дерек

1996 жыл - баға

1997 жыл - болжау

Ескерту: 3, 4, 5, 8 бағандардағы деректер заттай көлемде бөлектеп және сатып алу көлемінен процент есебімен көрсетіледі (3 баған), ал 6 және 7 бағандардың деректері -заттай көлемде бөлектеп және импорт көлемінің проценті есебімен (5 баған) көрсетіледі.

3-кесте

Тауар нарықтарының әралуан секторлары бойынша

өнімдерді (тауарларды) сатудың экономикалық
шарттары

_____ Күні: _____
өнімдердің (тауарлардың) (жылы, айы)
атауы

Өнімдерді (тауарларды)| Ішкі | Өнімдер (тауарлар) экспорты
сатудағы көтерме |нарық | _____
бағасына әсер ететін | |Алыс |Жақын | соның ішінде
факторлар | |шетел|шетел.| _____
| | |дерге |Ресей|Өзбек. |Беларусь
| | | | |стан |

1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7

Кәсіпорын (өндіруші)

қойған баға

мың теңге (өлшем бір.

доллар) өлшем бір.

Соның ішінде:

кәсіпорынның пайдасы

мың теңге (өлшем бір.

доллар) өлш. бір.

Тиімділік, %

Акциздер, %

мың теңге (өлшем бір.

доллар) өлш. бір.

Қосымша құнға қойылған

салық %

мың теңге (өлшем бір.

доллар) өлш. бір.

Арнайы салық, %

мың теңге (өлш. бір.

долл.) өлш. бір.

Өнімдердің (тауарлардың) аса ірі

көтерме партияларын жеткізу

жөніндегі көлік шығындары

мың.тең. (өлш. бір.

долл.) өлш. бір.

Соның ішінде:

ТМД және басқа елдер аумағы

бойынша ел ішіндегі портта

кемелерден жүк түсіру

Басқа да шығындар (қандай

екені көрсетілсін)

мың теңге (өлш. бір.

долл.) өлш. бір.

Өнімдерді (тауарларды) сатып

алуға арналған шығындардың

жиынтығы

мың теңге (өлш. бір.

долл.) өлш. бір.

Сату бағасы (аса ірі

көтерме)

мың теңге (өлш. бір.

долл.) өлш. бір.

Шағын көтерме және бөлшек сауда шығасылары

Бөлшек сауданы ұйымдастыру

жөніндегі саудаделдалдық

ұйымдардың шығындары

мың теңге (өлш. бір.

долл.) өлш. бір.

Бөлшек саудаға жүктерді

жеткізу жөніндегі көлік

шығындары

мың теңге (өлш. бір.

долл.) өлш. бір.

Басқа да шығындар немесе

есептеулер (қандай екені

көрсетілсін)

мың. теңге (өлш. бір

долл.) өлш. бір.

Бөлшек баға

мың. теңге (өлш. бір.

долл.) өлш. бір.

Сатулар құрылымының экономикалық тиімділігі туралы тұжырымдар, оны жетілдіру жөніндегі шаралар, ұсынылған шараларды іске асырудың экономикалық, соның ішінде бюджеттік салдарларына баға беру.

Анықтама:

1. Есеп айырысуға алынған АҚШ долларының айналымы теңге/долл.
2. Өнімге арналған баға бойынша әлемдік нарықтардағы бағандау,

долл. өнімнің (тауардың) шыққан жері, күні, маркасы, түрі, сорты мен көлемі көрсетіледі).

Ескерту:

1. Кестені толтырған кезде өнімдердің бірлік нақты өлшеміне арналған (т., кг., м. және т.б.) бағалар мен шығындардың бірлігі көрсетілсін.

2. Шағын көтерме және бөлшек сауда шығасылары бойынша деректер тек қана шағын көтермемен және бөлшек саудада сатылатын өнімдер (тауарлар) жөнінде толтырылады.

3а-Кесте

Өнімдер (тауарлар) бірлігін өндіруге арналған
шығындар құрылымының дамуы
(теңге)

1. Өнімдердің атауы және өнімдердің өлшем бірліктері, жылдары

2. Өндіруге арналған шығындар. Барлығы

Соның ішінде:

Шикізат және материалдар

3. Барлығы

4. соның ішінде көлік шығындары

Отын

5. Барлығы

6. соның ішінде көлік шығындары

7. энергия

8. еңбек ақы

- 9. амортизация
- 10. басқа да шығындар
- 11. Өндірістік қуаттарды пайдалану (%)

1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 | 11

Өнімдердің атауы,
өлшем бірліктері

- 1995 жыл - дерек
- 1996 жыл - баға
- 1997 жыл - болжам

4-Кесте

Тауар нарықтарының әртүрлі секторлары бойынша
өнімдерді (тауарларды) сатып алудың экономикалық
шарттары

_____ Күні: _____
өнімдердің (тауарлардың) (жылы, айы)
атауы

Өнімдерді (тауарларды) | Ішкі | Өнімдерді импорттау
сатудағы көтерме | нарық | _____
бағасына әсер ететін | | Алыс | Жақын | соның ішінде
факторлар | | шетел | шетел. | _____
| | дер | дер | Ресей | Өзбек. | Беларусь
| | | | | стан |

1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7

Ұсыныстар бағасы

- мың. теңге (өлш. бір.
- долл.) өлш. бір.

Кедендік импорттық баж

- салығы экю/өлш. бір.
- мың. теңге (өлш. бір.
- долл.) өлш. бір.

Акциздер

мың. теңге (өлш. бір.
долл.) өлш. бір.

Сатып алушының көлік
шығындары (жүктердің аса
ірі көтерме партияларын
жеткізу бойынша)

мың. теңге (өлш. бір.
долл.) өлш. бір.

Соның ішінде:
тауарларды портта
өңдеудің құны

мың. теңге (өлш. бір.
долл.) өлш. бір.

Салықтар (қандай екені
көрсетілсін)

мың. теңге (өлш. бір.
долл.) өлш. бір.

Басқа да шығындар
(қандай екені көрсетілсін)

мың. теңге (өлш. бір.
долл.) өлш. бір.

Сатып алуға кеткен
шығындар жиынтығы

мың. теңге (өлш. бір.
долл.) өлш. бір.

Сатып алудың нақтылы
(алдағы) бағасы

мың. теңге (өлш. бір.
долл.) өлш. бір.

Шағын көтерме және бөлшек сауда шығасылары

Шағын көтерме және бөлшек
саудаға жүктерді жеткізу
жөніндегі көлік шығындары

мың. теңге (өлш. бір.
долл.) өлш. бір.

Шағын көтерме және бөлшек
сауданы ұйымдастыру жөніндегі

басқа да шығындар немесе
есептеулер (қандай екені
көрсетілсін)

мың. теңге (өлш. бір.
долл.) өлш. бір.

Сауданың үстеме бағасы

мың. теңге (өлш. бір.
долл.) өлш. бір.

Өнімнің (тауардың) бөлшек
сауда бағасы

мың. теңге (өлш. бір.
долл.) өлш. бір.

Сатып алу құрылымының экономикалық тиімділігі туралы тұжырымдар,
оларды жетілдіру жөніндегі шаралар, ұсынылған шараларды іске асырудың
экономикалық, соның ішінде бюджеттік салдарларына баға беру.

Анықтама:

1. Есеп айырысуға қабылданған доллар айналымы, теңге/долл.

2. Өнімге арналған баға бойынша әлем рыноктарының бағамдары,
долл. _____ өнімнің (тауардың) шыққан жері, күні, маркасы,
түрі, сорты мен мөлшері көрсетіледі).

Ескерту:

1. Кестені толтырған кезде бағалардың өлшем бірлігі немесе
өнімдердің (тауарлардың) нақты бірлігіне кеткен шығындар
көрсетіледі (т., кг., м. және т.б.).

2. Шағын көтерме және бөлшек сауда шығасылары бойынша
мәліметтер тек қана шағын көтермемен және бөлшек саудада сатылатын
өнімдер (тауарлар) жөнінде толтырылады.

5-кесте

Ішкі және әлемдік бағалардың дамуы

1. Өнімдердің (тауарлардың) атауы және өлшем бірліктері

Ішкі баға

кәсіпорын өндіруші қойған баға

2. теңге

3. долл.

салықты және көлік шығындарын ескергенде

4. теңге

5. долл.

Әлемдік баға

6. экспорттаудың (орташа) бағасы, долл.

7. әлем рыноктарының бағамы, долл.

8. Ішкі бағаның әлемдік бағаға қатынасы, % есебінен топ 3/топ.7

9. Есеп айырысуға қабылданған доллар айналымы теңге/долл.

1 | 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9

Өнімдердің атауы,
өлшем бірлігі

1995 жыл - дерек

1996 жыл - баға

1997 жыл - болжам

6-Кесте

Өнімдерді (тауарларды) экспорттау бағаларының дамуы

1. Өнімдердің (тауарлардың) атауы және өлшем бірліктері, жылдары

Алыс шетелдер

баға

2. долл.

3. теңге

4. Өткен кезеңдегі бағаның өсуі (кемуі), %

Жақын шетелдер

баға

5. долл.

6. теңге

7. Өткен кезеңдегі бағаның өсуі (кемуі), %

8. Есеп айырысуға қабылданған доллар айналымы теңге/долл.

1 | 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8

Өнімдердің атауы,
өлшем бірлігі

1995 жыл - дерек
1996 жыл - баға
1997 жыл - болжам

7 - Кесте

Өнімдерді (тауарларды) экспорттау бағаларының дамуы

1. Өнімдердің (тауарлардың) атауы және өлшем бірліктері, жылдары
Алыс шетелдер
баға
2. долл.
3. теңге
4. Өткен кезеңдегі бағаның өсуі (кемуі), %
Жақын шетелдер
баға
5. долл.
6. теңге
7. Өткен кезеңдегі бағаның өсуі (кемуі), %
8. Есеп айырысуға қабылданған доллар айналымы, теңге/долл.

1		1		2		3		4		5		6		7		8
---	--	---	--	---	--	---	--	---	--	---	--	---	--	---	--	---

Өнімдердің атауы,
өлшем бірлігі

1995 жыл - дерек
1996 жыл - баға
1997 жыл - болжам

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
1996 жылғы 17 қыркүйектегі
N 440 өкіміне
N 2 қосымша

Өндірістік-техникалық және ауылшаруашылық мақсаттағы
аса маңызды өнімдер түрлерінің тауар нарықтарының
Тізілімі

ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ РЕСУРСТАР НАРЫҒЫ

Электрэнергиясы
Мұнай
Автомобиль жанар май
Дизель отыны
Жағармай мазуты
Табиғи газ
Көмір

МЕТАЛДАР НАРЫҒЫ

Дайын қара металл прокаты
Ақ қаңылтыр
Ферроқорытпа
Темір рудаларының түйнектері
Катодты мыс
Мырыш
Қорғасын
Глинозем

МАШИНА ҚҰРЫЛЫСЫ ӨНІМДЕРІНІҢ НАРЫҒЫ

Тракторлар
Бульдозерлер
Металл кесетін станоктар
Өңдейтін жабдықтар мен шағын заводтар
Автомобильдер
Мұнайгазөңдейтін және тасымалдайтын, су тазартатын және
тау шахта жабдықтары

ХИМИЯЛЫҚ ЖӘНЕ МҰНАЙХИМИЯ ӨНІМДЕРІ ТАУАРЛАРЫНЫҢ НАРЫҒЫ

Полипропилен

Полистирол

Кальций карбиды

Сарғыш фосфор

Шиналар

соның ішінде: жүк автомобильдері үшін

жеңіл автомобильдері үшін

Химиялық талшықтар мен жіптер

Заттар сіндірімділігін 100%-ке есептегендегі минералдық тыңайтқыштар

АУЫЛШАРУАШЫЛЫҚ ӨНІМДЕРІНІҢ НАРЫҒЫ

Астық (өңдеуден кейінгі салмағы)

Қант қызылшасы

Майлы дақылдар тұқымы

Картоп

Көкөністер

Жемістер мен жидектер

Жүзім

Ірі қара мал және құс (сою салмағы)

Сүт

Жүн (физикалық салмағы)

Қаракөл және елтірі

Былғары шикізаттары:

ірісі

шағыны

шошқаныкі

ЖЕҢІЛ ӨНЕРКӘСІП ТАУАРЛАРЫНЫҢ НАРЫҒЫ

Талшықты мақта

Жуылған жүн

Есілген мақтамата жібі

Жүннен иірілген жіптер

Мақтамата маталары

Жүн маталары

Жібек маталар

Қатты былғары тауарлары

Хромды былғары тауарлары

Юфтелген былғары тауарлар

ОРМАН ЖӘНЕ АҒАШ ДАЙЫНДАУ ӨНЕРКӘСІБІНІҢ НАРЫҒЫ

Іскерлік ағаштар

Кесілген материалдар

Ағаш жоңқаларының тақталары

Ағаш талшықтарынан жасалған тақталар

ҚҰРЫЛЫС МАТЕРИАЛДАРЫНЫҢ НАРЫҒЫ

Цемент

Шифер